ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2023 жылғы 18 тамыз № 3313-23-00-2/977 Талдықорған қаласы

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Г.С.Джолдасова
А.А.Курманбаевтың хатшылығымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жетісу облысы білім басқармасының мемлекеттік мекемесі Талдықорған аграрлық технологиялық колледжі» шаруашылық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Бейсен» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. 2023 жылғы 05 мамырдағы №79 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарты бойынша 5 793,75 сома тұрақсыздық айыбын өндіру
3. 2023 жылғы 05 мамырдағы №80 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарты бойынша 5 568,75 сома тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор С.Ж.Жабайханова
Талап қоюшының өкілі Ж.Е.Хафизов
Жауапкер О.Бейсен

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 05 мамырда «Жетісу облысы білім басқармасының мемлекеттік мекемесі Талдықорған аграрлық технологиялық колледжі» шаруашылық кәсіпорны (бұдан әрі - тапсырыс беруші, талап қоюшы) мен «Бейсен» жеке кәсіпкері (бұдан әрі - өнім беруші, жауапкер) арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №79, 80 шарттар (бұдан әрі - Шарт) жасалған.

№79 шарттың жалпы сомасы 386 250 теңгені, №80 шарттың сомасы 371 250 теңгені құрайды.

Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегелгеннен кейін күшіне енеді және 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады.

Шарттардың орындалуын қамтамасыз ету сомасы енгізілген.

Жауапкерге Шарттар бойынша 25 данадан оқулықтар жеткізу, келісім шарт күшіне енген сәттен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылдың 04 маусымға дейін міндеттелген.

Жауапкер тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өзіне жүктелген міндеттемелерді орындамаған.

2023 жылғы 02 маусымда талап қоюшымен жауапкерге бір жақты тәртіпте Шарттарды бұзу туралы хабарлама жолданған.

2023 жылғы 08 маусымда №79, 80 шарттар талап қоюшымен бір жақты бұзылған.

Талап қоюшы Жетісу облысы білім басқармасының мемлекеттік мекемесі Талдықорған аграрлық технологиялық колледжі» шаруашылық кәсіпорны жауапкер шарттарда өзіне жүктелген міндеттемені орындамағаны үшін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды, №79 шарты бойынша 5793,75 теңге, №80 шарты бойынша 5568,75 теңге құрайтын тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкер сотқа талап қоюға өз пікірін жолдаған жоқ.

Сотта талап қоюшының өкілі Ж.Е.Хафизов талап қоюды толығымен қолдап, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануды, тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Жауапкер «Бейсен» жеке кәсіпкері талап қоюды мойындамай, бастапқыда Шарт жасасу кезінде оқулықтарды өз типографиясында басылым шығара алатынын түсінгенін, оқулық, кітаптардың авторлық құқығы қорғалғандығы және тек «Аль-манах» баспаханасына тиесілі екенін білмегенін, тұрақсыздық айыбын төлейтінін көрсетіп, талап қоюды ішінара қанағаттандыруды сұрады.

Прокурор С.Ж.Жабайханова талап қоюды толығымен қанағаттандыруға жатады деген қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі-АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Құжатқа қол қойылған: Джолдасова Г., 25.08.2023

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісті дәрежеде орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3)-тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуметті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуіріндегі № 4 «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы»нормативтік қаулысының 8-тармақшасына сай Мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Сот отырысында жауапкер өзіне тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №79, 80 шарттар бойынша тауарларды жеткізу міндетін орындамағаны анықталды.

Нәтижесінде 2023 жылғы 08 маусымда № 79, 80 шарттар талап қоюшымен бір жақты бұзылған.

Шарттық міндеттемелерді орындамаудың орынды себептері жауапкермен ұсынылмаған.

Жауапкердің №79, 80 шарттары бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болған, яғни қазіргі уақтта оқу жылы басталу қажет, бірақ қажет оқулықтар әлі күнге дейін тапсырыс берушіге жеткізілмеген, сот отырысында жауапкердің өкілі бұл мән-жайларды жоққа шығармады. Осылайша міндеттеме жауапкермен толық орындалмаған, нәтижесінде жағымсыз салдары бар.

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап коюды заңда көзделген мерзімнен кешіктірмей берген.

Істің мұндай тұрғысында талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден жергілікті бюджет пайдасына мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Талап қоюшының есебі бойынша тұрақсыздық айыппұл колемі №79 шарт бойынша 5793,75 теңге, №80 шарт бойынша 5568,75 теңгені құрайды.

Сот талап қоюшымен есептелген тұрақсыздық айыбының сомасы дұрыс және шарт талаптарына сай деген тұжырымға келеді.

Сот істегі жинақталған дәлелдемелерге баға бере келе, талап қоюшының мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

АПК-нің 109-бабына сәйкес жауапкер «Бейсен» жеке кәсіпкерінен талап қоюшы «Жетісу облысы білім басқармасының мемлекеттік мекемесі Талдықорған аграрлық технологиялық колледжі» шаруашылық кәсіпорнының пайдасына мемлекеттік баж 341 теңге өндірілуге жатады

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің, 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жетісу облысы білім басқармасының мемлекеттік мекемесі Талдықорған аграрлық технологиялық колледжі» шаруашылық кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Бейсен» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған Джолдасова Г. С., 25.08.2023
Құжатқа қол қойылған Джолдасова Г. С., 25.08.2023

Жауапкер «Бейсен» жеке кәсіпкерінен «Жетісу облысы білім басқармасының мемлекеттік мекемесі Талдықорған аграрлық технологиялық колледжі» шаруашылық кәсіпорнының пайдасына 2023 жылғы 05 мамырдағы №79 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарты бойынша 5 794 (бес мың жеті жүз тоқсан төрт) теңге тұрақсыздық айыбы және 2023 жылғы 05 мамырдағы №80 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарты бойынша 5 569 (бес мың бес жүз алпыс тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы және 341 (үш жүз қырық бір) теңге мемлекеттік баж төлеуге жұмсалған сот шығыны өндірілсін.

Жауапкер «Бейсен» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Шешімге АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Жетісу облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шағым, прокурор өтінішхат - шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, келтіруге құқылы.

Судья Г.С.Джолдасова

Көшірмесі дұрыс:

Судья Г.С.Джолдасова

Шешім түпкілікті нысанда 2023 жылғы «25»08 әзірленді.

Судья Г.С.Джолдасова

Шешім күшіне 2023 жылғы «25» 09 енді

Судья Г.С.Джолдасова